Бекітемін:
Мектеп директор:
Какенова С.С.

«Кең аулының негізгі орта мектебі»КММ
Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жоспары 2023-2024 оқу жылы

Р/с	Әдістемелік іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	I отырыс: Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы	Тамыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	II отырыс Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі. 1-4 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу Мектеп кітапханашысының есебі.	Қазан	ДТІЖО
3	III отырыс: 2023-2024 оқу жылындағы I оқу токсанының қорытындысы Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі	қараша	ДТІЖО
4	IV отырыс: «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі» 1.Мектеп ережесі, оқушылардың сабаққа қатысуы 5-8 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары (Мектеп психологінің жұмысы)	Желтоқсан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Психолог
5	V отырыс «Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі» .«Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы Секция жетекшілерінің есебі 1- 9- сынып жетекшілерінің есебі	наурыз	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	«Оқушылар арасында суицидтік мінез құлықтың алдын алу шаралары»	Жоспар бойынша	ДТІЖО Психолог

			Сынып жетекшілер
7	«Ең үздік сынып жетекшісі» жылдық кірігтығысы (рейтинг бойынша)	мамыр	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер
8	VI отырыс «Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері» Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер «ЖАЗ -2023» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары	мамыр	ДТІЖО Психолог Сынып жетекшілер

Хаттама№1

2023 жыл 8 қыркүйек күні

«Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы

Жиналыс төрайымы: Какенова С.С.
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Тасмаганбетова Ж.С.
Хатшы: Мусаева Г.М.
Қатысқандар: 6 сынып жетекші қатысты

Күн тәртібінде:

1.Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік
2.«Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты
3.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы
4. Сынып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру

Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары сөз сөйледі. Құрметті әріптестер осы оқу жылынан бастап тәрбие тұжырымдамасы өзгерді. 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 3 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 8 бағыт яғни, рухани-танымдық тәрбие; құқықтық тәрбие; экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру оған қоса «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», Оқуға құштар сынды жоба жұмыстары кіріктіріліп, 3 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынбақ. 8 бағыт алынып тасталынған жоқ тек, 3 құндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде. Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.
2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.
Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.
Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін: 1) пәндік мазмұн шеңберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
Үшінші мәселе бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқатлып, өз жұмысын биылдан бастап бастайытынын, ол үшін алдын ала сауалнама алынып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлады.
3.Төртінші мәселе бойынша мектепішілік сынып жетекшілердің міндеттерін , сынып жетекшілерге таныстырды.

Шешім:

Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2024 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бұйрығы негізінде жасалсын және жұмыстар үйлестірілсін.
1-9 сыныптардың сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі етіп бекітілсін.
Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқыланысын.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы: Какенова С.С.
Хатшы : Мусаева Г.М.

Хаттама№2

2023 жыл 10 қазан

«Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы

Жиналыс төрайымы: Какенова С.С.
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Тасмаганбетова Ж.С.
Хатшы: Мусаева Г.М.
Қатысқандар: 6 сынып жетекші қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:
Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі.
1-4 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі.
Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу
Мектеп кітапханашысының есебі.

1.Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Құрметті сынып жетешілері оқушылардың сабаққа қатысымы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Әрбір сынып жетекші өзі басқарып отырған сыныптағы оқушылардың барлығы туралы күнделікті толық мәліметке ие болуы керек. Ол үшін сынып жетекші ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысымы туралы мектеп әкімшілігіне міндетті түрде хабарлану керек. Соңғы 2-3 жыл көлемінде оқушылардың сабаққа қатысмы өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Сол көрсеткішті бір қалыпта сақтап қалуымыз керек. Ата-анамен байланысты күнделікті жасап отырыңыздар, қазір барлық ата-ана ватсап желісінде, байланыс жасау оңай. Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе аткаруда ата-аналарды толық тарту қажет. Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу, яғни «Пән мұғалімдерімен баспасөз конференция», «Психологиялық тренинг», шеберлік сыныбы, балалардың ата-аналармен бірлескен сабағы, «Отбасыларды, олардың дәстүрлерін, шеберліктерін, карым-катынастарын, көзқарастарын таныстыру мақсатында тәжірибе алмасу» сиякты жүргізу жалғасын таба береді. Биылғы жылы ай сайын ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында балаларының

жас ерекшеліктеріне сәйкес жақсы жұмыстар жүргізілуде, ата-аналардың да қатысым жақсы, ол қалыпты ұстап қалуымыз қажет. Сол орталыққтың жұмыстарын жүргізуге белсенді ата-аналарды тартуымызға болады. Ата-ана мейілінше мектеппен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасаған кезде бала тәртібіде жақсара түспек.

2.Екінші мәселе бойынша сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі І оқу тоқсанындағы 1-4 сынып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Бастауыш сыныпта 4 сынып жетекші бар, барлығы биылғы 294 бұйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде. 1 – қыркүйек күні Білім күніне орай, 2-9 сынып жетекшілері «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізіп, «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджіне үн қосты.

3. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу туралы ДТІЖО: Тасмаганбетова Ж.С сөз алды. Ай сайын құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша, түнгі кезекшілік құрылып қадағаланып отыратыны айтылды. Оқушылардың арасында себепсіз сабақ қалдырғандар жоқ. Оқушылардың қоғамдық орындар мен білім беретін мекемесінде мінез-құлық ереежесін қатаң сақтауын қамтамасыз ету бойынша Мектеп ережесі мен таныстырылды.

4. Мектеп кітапханашысы: Алясхарова Г.М. оқу процесін оқулықтармен, әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі,сондай – ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениеттті тарту орталығы болып табылады. 2023-2024 оқу жылында 1-9 сыныптарына қосымша жаңа буын оқулықтарын берілді. Аз қамтылған отбасы балаларын 100% оқулықпен қамтылды. Биылғы оқу жылында 1-9сыныптары 100% оқулықтармен қамтылды. Кітапханада көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер өткізілді«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында биыл мектеп кітапхана қорына жаңа әдеби кітаптармен толықтырылды.

Шешім:

1. Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі орындалсын.
2. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын –алу қауіпсіздік ережелері қадағалсын.
3. Мектеп кітапханасының жұмыстары орындалуын қадағалансын.

Жиналыс төрағасы: Какенова С.С.

Хатшы : Мусаева Г.М.

Хаттама№3

2023 жыл 26 наурыз

«Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы

Жиналыс төрайымы: Какенова С.С.
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Тасмаганбетова Ж.С.
Хатшы: Мусаева Г.М.
Қатысқандар: 6 сынып жетекші қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.«Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі»
2.«Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы»
Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы
3.Секция жетекшілерінің есебі
4.1-9- сынып жетекшілерінің есебі

1.Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тасмаганбетова Ж.С. сөз алды. Жеке тұлға дегеніміз - әлеуметтік қатынастар мен саналы іс - әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид.Жеке тұлғаның ең маңызды белгелері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті , даралығы, яғни оның өзіне тән мінез-құлғындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланuы. Жеке тұлға - қоғамның белсенді, саналы, мүшесі. Өмірге өзіндік белгілі бір көзқарастары, қарым - қатынастары бар, жеке моральдық талаптары, өзіндік психологиялық қасиеттері бар қоғамдық сананы алып жүретін адам. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы. Әр адам өзінше жеке тұлға.

2.Екінші мәселе бойынша «Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» оқыту, тәрбиелеу, дамыту сиякты үш маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мұғалімнің басты қасиеті- тәрбиелей білуінде, мұнымен келіспеуге болмайды, өйткені жалпы қоғамның тәриелік деңгейі тәрбие жұмысының сапасына байланысты. Оқушылардың бос уақытында жұмыспен қамтылуы, мектепте салауатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың секцияларға қатысуы, ата-аналардың көп көңіл бөлуінде.

3. 1-9- сынып жетекшілерінің есебі. Әрбір сынып жетекші өзі басқарып отырған сыныптағы оқушылардың барлығы туралы күнделікті толық мәліметке ие болуы керек. Ол үшін сынып жетекші ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысымы туралы мектеп әкімшілігіне міндетті түрде хабарлану керек. Соңғы 2-3 жыл көлемінде оқушылардың сабаққа қатысмы өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Сол көрсеткішті бір қалыпта сақтап қалуымыз керек. Ата-анамен байланысты күнделікті жасап отырыңыздар, қазір барлық ата-ана ватсап желісінде, байланыс жасау оңай. Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе аткаруда ата-аналарды толық тарту қажет.

Шешім:

1.Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабактан тыс іс-шаралардың рөлі орындалсын.

2. Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы,секция жетекшілерінің есебі қадағалансын

3. 1-9- сынып жетекшілерінің есебі ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрағасы: Какенова С.С.

Хатшы : _Мусаева Г.М.

Хаттама№4

2023 жыл 28 мамыр

«Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы

Жиналыс төрайымы: Какенова С.С.
Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Тасмаганбетова Ж.С.
Хатшы: Мусаева Г.М.
Қатысқандар: 6 сынып жетекші қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.«Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері»
2.Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер
3.«ЖАЗ -2023» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары

1.Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тасмаганбетова Ж.С. сөз алды. Тәрбие жұмысында әр баланың даму ерекшелігін және жеке ерекшелігін еске алған жөн .Тапсырма беру кезінде бала темпераменті ескеріледі, мысалы, сангвиник бала қиыншылыққа кездесе бастаған ісін аяғына дейін орындамайды, сондықтан үнемі бақылап, тапсырманы толық орындауға үйрету, жаттықтыру әдісі қолданылады. Бұл әдістер оларды орындағыштыққа ,кіші пейілділікке , ұқыптылыққа үйретеді. . Ата-ана мейілінше мектеппен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасаған кезде бала тәртібіде жақсара түспек.

2.Екінші мәселе бойынша Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер. Қыркүйек айының жоспары бойынша 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Білімге , ұмтылу еңбексүйгіштік және

отаншылдық» атты салтанатты жиынынан кейін барлық 1-9 сыныптарда білім күніне арналған сынып сағаттары өтті. Қыркүйек айының бастап мамыр айына жоспарланған іс- шаралардың барлығы жоспар бойынша жұмыстар өткізілді.

3.Үшінші мәселе бойынша «ЖАЗ -2023» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – білім саласы үшін де маңызды мәселе. Тоғыз ай бойы мектепте оқып, жазғы демалысқа асыға жеткен оқушылардың жақсы демалуына жағдай жасау алдын ала әзірленеді, іс-шара жоспары бекітіледі. 2023 жылдың 29-30 мамыр аралығында 1-4 сынып оқушылары арасында, оқушылардың жазғы демалысы мен бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мен олардың жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Қауіпсіз Жаз-2023" тақырыбында, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын-алуда, жол-көлік оқиғаларының алдын-алу, су және су маңындағы, өрт қауіпсіздігі, терезеден құлаудың алдын-алу, әлеуметтік желідегі қауіпсіздіктің алдын-алу, келеңсіз жағдайлардан сақтану үшін қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.

Шешім:

1. Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері орындалсын.
2. Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.
3. Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында "Қауіпсіз Жаз-2023" тақырыбында, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп қадағалансын.

Жиналыс төрағасы: Какенова С.С.

Хатшы : _ Мусаева Г.М.